



ОТПРАВЬ
ПИСЬМО -
ДОБЕЙСЯ
ПЕРЕМЕН

AMNESTY
INTERNATIONAL 

ГУСТАВО ГАТИКА, ЧИЛИ

**АР-НАМЫС ПЕН
ТЕҢДІК ТАЛАП
ЕТКЕНІ ҮШІН
ПОЛИЦИЯ
СОҚЫР ҚЫЛДЫ**

АДАМ ҚҰҚЫҚТАРЫНА КІРІСПЕ

ХАТТАР МАРАФОНЫ

Amnesty International Хаттар марафоны («Write for Rights») науқанын жыл сайын 10 желтоқсанда, Адам құқықтары күніне орай өткізеді (осы күні 1948 жылы Адам құқықтарының жалпыға ортақ Декларациясын қабылдау күні марапатталады). Хаттар марафонының мақсаты – адам құқықтары бұзушылықтарынан зардап шеккен не бұзылу қаупі бар адамдардың және қауымдастықтардың өмірін өзгерту. Хаттар марафоны бағдарламасы бойынша өткізілетін көп шаралардың арасында Amnesty жағдайды өзгерте алатын биліктегі тұлғаларға жекелеген тұлғалар мен топтардың істерін көрнекті көрсетіп, қоғамдық шаралар ұйымдастырып, интернет пен бұқаралық ақпарат құралдары арқылы оларға халықаралық деңгейде назар аудартады.

Хаттар марафонының ең маңыздысы – бұл бүкіл дүние жүзінде миллиондаған адамдар қатысатын хаттар легі. Әрекет жасауға шақыратын халықаралық үндеу нәтижесінде шешім қабылдаушы адамдарға хаттар ағылып түседі. Осы жылы Марафон кейіпкерлерінің арасында өз құқықтарын қорғап, көзқарастарын білдіргені үшін тұтқындалған, өз болмысы үшін қудаланған ЛГБТИ белсенділері, соққыға жығылған және жарақаттанған бейбіт наразылық қатысушылары,

қудалау мен қорқытуға ұшыраған қоршаған орта қорғаушылары және басқа адам құқықтары тап болған адамдар. Олар жер шарының барлық түкпірінен қолдау хаттарын алады. Адам құқықтары бұзылғаннан зардап шеккендер мен олардың отбасылары өз жағдайлары кең бұқараға мәлім болатынын біледі. Олар ұмытылмағандарын біледі.

Өткен науқандардың нәтижелері таң қалдырады. Құқықтары бұзылғаннан зардап шеккендер осы хаттар өмірлеріне қандай өзгеріс әкелгенін, оларды жазғандарға ықпалын білдіріп, басқалар олардың тағдырына алаңдайтындары күш бергенін айтады.

Ресми тұлғалар көп жағдайда бұл адамдарға деген көзқарасын айтарлықтай өзгертеді: айып алынып, емделуі қиынға соқпайды, кейде мәселені шешу үшін заңдар не ережелер енгізіледі.

Біз қорғап, күресіп жүрген адамдар туралы оқыңыз:

www.amnesty.org/writeforrights

Өз еліңіздегі Amnesty тауып алыңыз:

www.amnesty.org/countries

#W4R20 хэштегін пайдаланып,

@Amnesty бойынша

Твиттерде қолдау көрсетіңіз

АДАМ ҚҰҚЫҚТАРЫН ОҚИТУ

БАСТАР АЛДЫНДА

Адам құқықтары туралы білім алу әртүрлі жағдайда, мысалы, сыныпта, қауымдастық пен отбасылар, белсенді топтарда, онлайн немесе дәстүрлі түрде жүзеге асырылуы мүмкін. Ұйымдастырушы ретінде нақты топтың қажеттіліктері мен ерекшеліктеріне сәйкес іс-әрекеттеріңізді бейімдей аласыз. Мысалы, талқыланып жатқан мәселе бойынша бұрын не білгенін, топ мөлшерін және белсенді қатысуға мүмкіндік беру үшін сабақты қалай ұйымдастыру керек екенін, сабақ өтетін бөлме мен басқа да жағдайды белгілеуіңіз мүмкін. Қатысушылар іс бойынша қолдау шарасын бастар алдында өздеріне қауіпсіз болуын талқылаңыз. Олай болмаса, не үшін?

Сабақтардың бәрі қатыстыру әдісіне негізделеді, мұнда оқушыларға ақпарат ұсынылып қана қоймай, олар іске

байланысты мәселелерді зерттейді, талқылайды, талдайды және сұрақ қояды. Бұл әдістеме кең білім беру мақсаттары үшін өте маңызды, өйткені қатысушылар:

- маңызды дағдыларды **дамытады**.
- өз пікірін қалыптастыру, сұрақ қою және зерттелетін мәселелерді тереңірек түсінуге **мүмкіндік алады**.
- Өз оқу үдерісін **басқарып**, мүдделері, қабілеті мен көзқарастарына сәйкес талқылау ұйымдастырады
- Сезімге бой алдырып кірісуге, өз көзқарасын қалыптастыруға керекті **аясына ие болады**.



Тайваньдағы мектеп оқушылары мен мұғалімдер 2019 жылғы Хаттар марафоны шеңберінде Amnesty Internationalмен бірге хат жазу шарасын ұйымдастырды.
© Amnesty International Taiwan

Белсенді қатыстыру оқыту әдістемесімен таныс болмасаңыз, бастар алдында Amnesty International **Көмеңші оқулығымен** танысыңыз, оны мына сілтеме бойынша таба аласыз – www.amnesty.org/en/documents/ACT35/020/2011/en/

Amnesty International өзінің Amnesty академиясында адам құқықтары мәселелері бойынша басқа оқыту курстарын ұсынады, соның ішінде Хаттар марафонын ұсынатын құқық қорғаушылар туралы қысқаша курс: <https://academy.amnesty.org/learn>

2019 ЖЫЛҒЫ НАУҚАННЫҢ ЖЕТІСТІКТЕРІ

СІЗДІҢ СӨЗІҢІЗ БАСҚАЛАРДЫҢ ӨМІРІН ҚАЛАЙ ӨЗГЕРТТІ

ИРАНДА ТҮРМЕГЕ ҚАМАУ ҮКІМІ ҚЫСҚАРТЫЛДЫ

2019 ж. Ясаман Арьяниді басына орамал кимей, пойыз жолаушыларына гүл таратқаны үшін 16 жалға бас бостандығынан айыру жазасына кесті. 2020 жылғы ақпан айында оның үкімі елеулі қысқартылған. Бұл бір жағынан, оны босату үшін бүкіл дүние жүзінде 1,2 миллионнан астам жазылған хаттардың нәтижесі. Біз оны босатпай, тоқтамаймыз.



«Біз әділетсіздікпен күресу үшін дүние жүзіндегі адамдармен біріктік».

Грасси-Нарроус тұрғыны Кристал Свейн



КАНАДАДАҒЫ ГРАССИ-НАРРОУСТА ЖАҢА АУРУХАНА

Онжылдықтар бойы Грасси-Нарроус байырғы халық қауымдастығы сынаппен уланудан зардап шекті, бұл Канададағы денсаулыққа қатысты ең үлкен апат болған. Грасси-Нарроус жастарына да әсер етіп, өз қауымдастығының салауатты келешегі үшін күрестің алдыңғы қатарында болды. *Көп жылдан бас тартудан кейін ақыры 2020 жылғы 2 сәуірде медициналық мекемесін салу туралы 19,5 миллион Канадалық доллары келісімге қол қойылды - бұл Грасси-Нарроус халқының жеңісі.*

ОҢТҮСТІК СУДАНДА ӨЛІМ ЖАЗАСЫНА КЕСУ ҮКІМІНІҢ КҮШІ ЖОЙЫЛДЫ

Магаи Матиоп Нгонг 15 жасында өлім жазасына кесілді. Бірақ, сіздер сияқты адамдардың керемет қолдауының арқасында ол үкімнің күші 2020 жылғы шілдеде жойылды. Бүкіл дүние жүзінің адамдары 750 000 хат, хабарлама және твиттер жазып, Магаи сақтауға шақырды. Бұл нәтиже берді!

«Сізге көп рахмет.
Айтып жеткізе алмай
тұрмын. Менің
қаншалықты бақытты
екенімді білсеңіз».

Магаи Матиоп Нгонг



АДАМ ҚҰҚЫҚТАРЫНА КІРІСПЕ

АДАМ ҚҰҚЫҚТАРЫ ТУРАЛЫ

Адам құқықтары әрқайсымызға тән негізгі бостандықтар мен қорғау құралдары. Олар жасына, азаматтығына, жынысына, нәсіліне, дініне немесе жыныстық қарым-қатынас түріне қарамастан, қадір-қасиет, теңдік және өзара құрмет қағидаларына негізделген.

Құқықтарыңыз өзіңізге де, өзгелерге де әділ қарау және өз өміріне қатысты шешім қабылдау мүмкіндігіне ие болу үшін керек. Осы негізгі адам құқықтары жалпыға ортақ болып табылады, олар бәрімізге де, осы дүниедегі әрқайсымызға тән. Оларды бізден тартып алуға болмайды. Олар бөлінбейді және өзара тәуелді болып табылады, бәрі бірдей маңызды және өзара байланысты.

Екінші дүниежүзілік соғыс кезінде жасалған жан түршігерлік қылмыстардан кейін Адам құқықтарының жалпыға ортақ декларациясынан басталған халықаралық адам құқықтарының құралдары бүкіл әлемде өмірді жақсарту үшін ұлттық, аймақтық және халықаралық заң құжаттарына берік шеңбер жасады. Адам құқықтары үкіметтер үшін заң ретінде болды. Олар үкіметтер мен шенеуніктердің өз юрисдикциясы шеңберінде және одан тыс жерлерде адамдардың құқықтарын құрметтеу, қорғау және орындау міндеттерін жүктейді.

Адам құқықтары – сән-салтанат үшін тағатын әшекей бұйымдары емес.



Amnesty International Togo командасы 2019 Хаттар марафонына қатысуда. Олар жыл сайын осы науқанға қатысу үшін елдің түкпір-түкпірінен адамдарды жинайды.

© Amnesty International Togo



АДАМ ҚҰҚЫҚТАРЫНА КІРІСПЕ

АДАМ ҚҰҚЫҚТАРЫНЫҢ ЖАЛПЫҒА ОРТАҚ ДЕКЛАРАЦИЯСЫ (АҚЖОД)

АҚЖОД Екінші дүниежүзілік соғыстан бірнеше жыл өткен соң Біріккен Ұлттар Ұйымымен дайындалды. 1948 жылдан бастап ол адам құқықтары жөніндегі халықаралық жүйенің негізін қалады. Әлемнің барлық елдері осы құжаттың 30-бабында көрсетілген жалпы қағидаларды сақтауға міндетті екендеріне келісті.

Атынан белгілі болғандай, АҚЖОД декларация болып табылады. Бұл әлемдегі кез-келген үкіметтің жеке адамдарға қатысты белгілі бір стандарттарды сақтайтындығы туралы мәлімдемесі. Адам құқығы халықаралық құқықтың бір бөлігіне айналды: АҚЖОД қабылданғаннан бастап оның қағидалары негізінде көптеген басқа міндетті заңдар мен келісімдер жасалды. Дәл осы заңдар мен келісімдер Amnesty International сияқты ұйымдарға біздің «Хаттар марафонында» көрсетілген мемлекеттің көзқарасын өзгертуге үндеу жасау негізін береді.

АДАМ ҚҰҚЫҚТАРЫНА КІРІСПЕ

АДАМ ҚҰҚЫҚТАРЫНЫҢ ЖАЛПЫҒА ОРТАҚ ДЕКЛАРАЦИЯСЫ



АЗАМАТТЫҚ ҚҰҚЫҚТАР МЕН БОСТАНДЫҚТАР

Өмір сүру құқығы, азаптау мен құлдықтан еркін болу құқығы, кемсітілмеу құқығы.

- 1-бап Қадір-қасиет пен құқықтардағы еркіндік және теңдік
- 2-бап Кемсітуден еркін болу
- 3-бап Өмір сүру, бостандық пен жеке қауіпсіздік құқығы
- 4-бап Құлдықтан еркін болу
- 5-бап Азаптаудан еркін болу



ЗАҢГЕРЛІК ҚҰҚЫҚТАР

Кінәсіздік презумпциясына ие болу құқығы, әділсот құқығы, заңсыз қамалмау не ұсталмау құқығы.

- 6-бап Бәрі де заңмен қорғалады
- 7-бап Заң алдында бәрі тең
- 8-бап Құқықтар бұзылғанда құқықтық қорғау
- 9-бап Заңсыз қамау, ұстау не елден кетіруге тыйым салу
- 10-бап Әділсот құқығы
- 11-бап Кінәсіздік презумпциясы
- 14-бап Басқа елден пана және қорғау іздеу құқығы



ӘЛЕУМЕТТІК ҚҰҚЫҚТАР

Оқу, отбасы құру және отбасылық өмір сүру, демалу, медициналық қызмет алу құқығы.

- 12-бап Жеке және отбасы өміріне ие болу құқығы
- 13-бап Тұратын жерін тағдау және өз мемлекеті аумағында еркін жүру құқығы
- 16-бап Некеге тұру және отбасы құру құқығы
- 24-бап Демалу құқығы
- 26-бап Білім алу, оның ішінде ақысыз бастауыш білім алу



ЭКОНОМИКАЛЫҚ ҚҰҚЫҚТАР

Мүлікке ие болу, еңбек ету, баспана, тиімді өмір деңгейіне ие болу құқығы.

- 15-бап Азаматтыққа ие болу құқығы
- 17-бап Мүлікке ие болу құқығы
- 22-бап Әлеуметтік қамтамасыз ету құқығы
- 23-бап Еңбек, әділ еңбекақы және кәсіподаққа мүше болу құқығы
- 25-бап Денсаулық сақтау мен жақсылықта өмір сүру құқығы



САЯСИ ҚҰҚЫҚТАР

Өз елінде мемлекеттік қызметте істеу, сайлауға қатысу, бейбіт жиналу бостандығына ие болу құқығы, пікір білдіру, дінге сену және наным-сенім бостандығы

- 18-бап Дінге сену және наным-сенім бостандығы
- 19-бап Пікір білдіру және ақпарат тарату құқығы
- 20-бап Бірлесу және бейбіт жиналу бостандығы
- 21-бап Саясатқа қатысу және мемлекеттік қызметке тең қол жеткізу



МӘДЕНИ ҚҰҚЫҚТАР, ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ ҚҰҚЫҚТАРЫ

Қоғамның мәдени өміріне қатысу құқығы.

- 27-бап Қоғамның мәдени өміріне қатысу
- 28-бап Барлық құқықтар толығымен жүзеге асырылатын дүние жүзілік тәртіпке ие болу құқығы.
- 29-бап Басқалардың құқықтарын сақтау және қадірлеу міндеті
- 30-бап Ешкім Сіздің құқықтарыңызды тартып ала алмайды!

САБАҚ

ҚАДІР-ҚАСИЕТ ПЕН ТЕҢДІК ТАЛАП ЕТКЕНІ ҮШІН ПОЛИЦИЯ СОҚЫР ҚЫЛДЫ

COVID-19 АЛДЫН АЛУ ШАРАЛАРЫН САҚТАҢЫЗ

COVID-19 пандемиясы кезінде денсаулыққа қатысты үкіметтің барлық нұсқауларын ұстанғаныңызға және қауіпсіздік пен әлеуметтік қашықтықты сақтай отырып сабақ өткізетініізге көз жеткізіңіз.

Егер сабақ онлайн өтсе:

- Қауіпсіз қатысу және сөйлесуді қамтамасыз ететін платформасын **таңдаңыз**.
- Әркім өз пікірімен бөлісіп, (кіші топтарда) қорытынды жасауға қатысуға мүмкіндігі болатындай **сабақ өткізіңіз**.
- Сабақ кезінде қиындық туғызбайтындай, қатысушыларға техникалық қолдауды **қамтамасыз етіңіз**.

COVID-19 пандемиясының салдарынан мектептер және басқа топтар өздерінің тұрақты қызметін жалғастыру үшін сандық кеңістіктерге жиналуға мәжбүр, сондықтан Amnesty мұндай сабақтарды онлайн режимінде өткізуге көмектесетін қосымша материалдар әзірлейді. «Хаттар марафоны» парақшасын қараңыз: <https://eurasia.amnesty.org/marafon-pisem>

НЕГІЗГІ ҰҒЫМДАР

- Наразылық білдіру құқығы
- Полиция қатыгездігі
- Күш қолдану
- Бейбіт жиналу құқығы

ОҚЫТУ НӘТИЖЕСІ

- Қатысушылар Чилидегі соңғы наразылықтарда заңсыз күш қолданғанын және сонымен қатар орын алған адам құқықтары бұзушылықтарын талқылайды.
- Қатысушылар полицияның наразылық кезінде асыра күш пайдаланғанын әлде қатыгездік жасағанын анықтап, полиция әрекеттері үшін кім жауап беруі тиіс екенін белгілейді.
- Қатысушылар Amnesty Internationalдың «Хаттар марафоны» науқаны туралы біліп, оның кейіпкерлерінің бірін қолдау шарасына қатысуға дайын болады.

УАҚЫТЫ

60 минут

ЖАСЫ: 14+

ОСЫ САБАҚ ТУРАЛЫ

Қатысушылар өздерінің белсенділігі туралы өз ойларымен бөліседі, Густавомен не болғанын, оның наразылық кезінде қандай адам құқықтары бұзушылығына тап болғанын біледі, содан кейін Густаво Гатиканы қолдауға дайын болады.

ДАЙЫНДЫҚ ПЕН МАТЕРИАЛДАР

- Полицияның наразылықтар кезінде жұмыс істеу туралы анықтама материалдары (басшылыққа алынатын ұстамдары) бар 10-бетті басып шығарыңыз.
- Густаво хикаясы бар 11-бетті басып шығарыңыз
- 2 және 3-сабақта топтарда жұмыс істеу үшін 7-беттегі сұрақтарды басып шығарыңыз.
- ҚОСЫМША: АҚЖОД қысқаша мазмұны бар 8-бетті басып шығарыңыз
- ҚОСЫМША: Нано Стерн өлеңін тыңдау үшін Youtube-қа қол жеткізе алатындарын қамтамасыз етіңіз. <https://www.youtube.com/watch?v=xRcsUDbUKwo>

1 ЕЛЕСТЕТУ ЖӘНЕ БӨЛІСУ

 10 МИНУТ

Қатысушылармен сәлемдесіп, содан кейін олардың көздерін жұмып, немен шұғылданатыны туралы ойлануды сұраңыз. Көздерін жұмып елестету керек екенін түсіндіріңіз.

Келесі абзацты дауыстап оқыңыз.

Бос уақытыңызда не істегенді ұнатасыз? Сіз спортпен айналысу, музыкалық аспаптарда ойнау, кітап оқу, фильм көруді ұнатасыз ба? Хоббиімен айналысып жатқаныңызды елестетіңіз - не істеп жатырсыз? Жаныңызда кім бар? Ол үшін денеңіздің қай мүшесін пайдаландыңыз? Не көріп тұрсыз, өзіңізді қалай сезінесіз?

Әрі қарай дауыстап оқыңыз:

Көзіңіз қазір жұмулы. Ал көзіңіз көрмесе ше? Хоббиімен толық айналыса аласыз ба? Қандай да бір кедергі бар ма? Өзіңізді енді қалай сезінесіз? Не жетіспей тұр?

Егер қайсыбір топ мүшесінің көру қабілеті төмен болса, өз өмірін жақсы түсінетіндей, тәжірибесімен бөлісуді сұрауға болады.

Олардан көздерін ашпауын сұраңыз және келесі оқиғаны айтыңыз:

Густаво – Чилидегі фотография мен музыканы ұнататын 22 жастағы психология факультетінің студенті. Ол гитара мен фортепианода ойнауды үйренуде. Өкінішке орай, былтыр Густаво соқыр болып қалды және енді ол өзіне ұнайтын нәрсемен айналыса алмады. Ол бұл оқиға туралы: «Адамдар көрсін деп мен көзімді жоғалттым» дейді.

Қатысушылардан көздерін ашуды өтініп, кейінірек Густаво әлемді оятқысы келгеніне оралатыныңызды айтыңыз. Оларды қазіргі сәтке, айналадағыларға және сабаққа назар аударуды сұрауыңызға болады.

Барлық қатысушылардан өздерін қалай сезінетіндерін және осы жаттығу кезінде нені түсінгенін сұраңыз. Егер көздері көрмей қалса, нені аңсайтындарын сұрап, әртүрлі қатысушылардың пікірлерін тыңдаңыз.

2 НЕ ҮШІН КҮРЕСУ КЕРЕК

🕒 10 МИНУТ

Қатысушыларға енді мүлдем басқа туралы ойлайтындарын түсіндіріңіз: қазір не бұрын көп назар аударатын нәрселер туралы.

Екеуден бөліп, мынадай сұрақтарға ойланып, талқылауын сұраңыз:

- Сіз қандай нәрселерге көп мән бересіз? Неге?
- Осыған байланысты не істедіңіз (сол туралы оқығаныңыз, айтқаныңыз, әрекет жасағаныңыз әлде одан басқа ма)?
- Сіз наразылыққа қатысып көрдіңіз бе? Неге?
- Наразылық кезінде адамдардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге кім жауапты деп ойлайсыз?

Қатысушыларды соңғы екі сұраққа назар аудара отырып, жұптық талқылауда жауаптарын бөлісу үшін біріктіріңіз.

3 ГУСТАВО ХИКАЯСЫ

🕒 20 МИНУТ

Қатысушыларға Густавоны көру қабілетінен айырылған адам екенін естеріне салып, оның хикаясын таратып, өздеріне оқытыңыз. Немесе өзіңіз оқып беріңіз.

Қатысушыларды шағын топтарға бөліп, келесі сұрақтарды талқылауын сұраңыз:

- Густавоның оқиғасы Сізді немен таң қалдырды? Наразылық акциясына қатысу нәтижесінде оның өмірі қалай өзгерді?
- Неліктен адамдар наразылық білдіруге шықты?
- Демонстрация кезінде полицияның рөлі қандай? Сіздің ойыңызша, оқ атқан полиция қызметкерлеріне не болды?
- Полициядағы зорлық-зомбылықты тоқтату үшін не істеу керек? Оған қатысқан полиция қызметкерлерін кетіру жеткілікті ме?
- Сол полиция басшыларымен не болады деп ойлайсыз? Неліктен?

Қатысушыларды біріктіріп, топтық талқылаудың кейбір жауаптарын қайталауын сұраңыз. Наразылық акцияларында полицияның жұмысы туралы сұрақтарға назар аударыңыз.

Қатысушыларға наразылық кезінде кезекші болған полиция қызметкерлерінің кейбірі уақытша жұмыстан шығарылғандығы немесе оларды айыпталушы ретінде қолданғандығы туралы хабарлаңыз. Бұл наразылық кезінде болған зорлық-зомбылықты тоқтатпағанын, ал ішкі полиция тергеуі ортақ жауапкершіліктің шеңберін анықтамағанын айтыңыз.

10-беттегі наразылық шаралары кезінде полиция жұмысының халықаралық нұсқаулары көшірмесін таратып беріңіз. Қатысушыларға оларды оқып шығуға мүмкіндік беріп, Чилидегі наразылық кезінде осы нұсқаулар орындалғанын-орындалмағанын сұраңыз. Қатысушылардан қандай ережелер сақталмағанын және оның Густаво оқиғасына қандай қатысы бар екенін сұраңыз.

Уақытыңыз болса, Густаво Гатика туралы бір минуттық видео көрсетіңіз <https://www.amnesty.org/en/w4r-videos/>

4 ТАЛҚЫЛАУ

🕒 10 МИНУТ

Талқылауды басқару үшін келесі сұрақтарды пайдаланыңыз:

- Густавоның бейбіт жиналу бостандығына ие болу құқығы сақталды ма?
- Полицияның арнайы күштері өз құқықтарын жүзеге асыруға тырысқан адамдарды тоқтатуға зорлық-зомбылықты пайдаланған басқа да наразылықтар туралы білесіз бе?
- Густавоға әділеттілікке жетуге көмектесу үшін не істеу керек?

Талқылауды Amnesty International Америка директоры Эрика Гевара-Розастың 2019 жылғы қарашадағы мәлімдемесін оқумен не таратумен аяқтаңыз.

Чили қауіпсіздік күштерінің мақсаты айқын: наразылықты басу үшін демонстранттарды жарақаттау, тіпті наразылық білдірушілерге азаптау мен жыныстық зорлық-зомбылық қолдану. (...) Сот төрелігін қамтамасыз ету және мұндай оқиғалардың қайталанбауын қамтамасыз ету үшін, өз қарамағындағы адамдардың қылмыстарын жақсы біле отырып, күн сайын соны істеуге бұйрық беріп, мақұлдаған басшыларын да жазаға тарту керек».

Осы дәйексөзден кейін 3-сабақтың сұрақтары мен жауаптарына оралып, полиция қызметкерлерінің командирлері зорлық-зомбылыққа өз еркімен жол беріп, осы және басқа наразылық акциялары жалғасуына рұқсат беріп тұрғанда, полиция қызметкерлерін қызметтен алып тастау жеткілікті ме деп сұраңыз.



Густаво Гатика – сазгер. Оған арналған Нано Стернның әнін осында тыңдаңыз <https://open.spotify.com/track/00QRpjoRZUBSN7q3VZ1znH> или [здесь www.youtube.com/watch?v=xRcsUDbUKwo](https://www.youtube.com/watch?v=xRcsUDbUKwo)


5 ГУСТАВО ГАТИКАНЫ ҚОЛДАУ ШАРАЛАРЫ

🕒 10 МИНУТ

Қатысушыларға Amnesty International бүкіл дүниежүзі адамдарды Густавоны қолдауға шақырып жатқанын түсіндіріп беріңіз. «Адамдарды ояту үшін соқыр болдым» - деп, айтты Густаво. Өткен жылы Чилиде жалғасып келе жатқан демонстрацияларда наразылық білдірушілер көздерін байлап, әділеттілікті талап етіп, полиция алдында оның есімін ұран еткенін түсіндіріңіз.

Әділсотты қамтамасыз ету және мұндай зорлық-зомбылықтың қайталанбауын қамтамасыз ету үшін, Amnesty Чили үкіметін зорлық-зомбылыққа қатысқан сол полиция басшылары әрекеттерін тексеруге шақырады. Олармен бұрынғы Хаттар марафонның сәтті оқиғаларымен бөлісіп, Amnesty осы шараға қатысуға шақыратынын түсіндіріңіз (9-бет).

Егер қатысушылардың берілген уақытта акцияға қатысу мүмкіндігі болмаса, соны қалай істеу керек екенін не топтар арасында шараны бөлісіп өткізуді ұсыныңыз. Тапқыр болуға ықпал етіңіз.



ХАТ ЖАЗЫП, ӨМІР САҚТАҢЫЗ

- Чили Ұлттық прокурорына мына мекен-жай бойынша хат жазуды ұсыныңыз:

Jorge Abbott Charme

Fiscalía Nacional, Catedral 1421-1453

Santiago de Chile, Chile

Email: jabbott@minpublico.cl

(cc aseguel@minpublico.cl)

Twitter: Fiscalía de Chile: @FiscaliadeChile

Facebook: Fiscalía Nacional: <https://www.facebook.com/pages/Fiscal%C3%ADa%20Nacional/345649492241585/>

Instagram: @fiscaliadechile

Resми аталуы: Хорхе Эббот Чарме Ұлттық прокурор мырза

Қатысушылар «Хаттар марафоны» парағынан жүктей алатын хаттардың үлгісін қолдана алады <https://www.amnesty.org/writeforrights>.

Немесе оларға жеке хат жазуға көмектесу үшін келесі нұсқауларды бере аласыз:

Ұлттық прокурорға хат әсерлі болатындай, осыны жазыңыз:

- Өзіңіз туралы.
- Осы істе ең қорқынышты жерін жазыңыз.
- Густавоны атуға қатысқан басшылардың әрекеттерін тексеруді сұраңыз. Олар қауіпті қару мен жабдықты пайдаланбауға міндетті, бірақ өз міндеттерін орындаған жоқ.

ГУСТАВОНЫ ҚОЛДАҢЫЗ

Қатысушыларды Густавоға оның құрбандығы бекер болмағанын көрсету үшін үміт пен жігер хабарламаларын жіберуге шақырыңыз.

Есіңізде болсын, ынтымақтастық әрекеттері көзі көрмейтін Густаво үшін қол жетімді болуы керек. Қатысушылар үміт пен қолдау хабарлама аудиожазбаларын жібере алады.

Мысалы, қысқа аудиожазбалар, әндер, өлеңдер, кестелер немесе Брайль шрифтімен жазылған әріптер, атыңыз көрсетіліп, қай жерден боласыз және мысалы, төмендегілер жазылады:

- “**Mucha fuerza Gustavo. La lucha sigue y tu esfuerzo no ha sido en vano**” (Мықты бол, Густаво. Күрес жалғасуда және Сіздің күш-жігеріңіз текке кеткен жоқ)
- “**Gustavo! tu historia me ha inspirado y es un ejemplo de valentía en la defensa por el derecho a la protesta**” (Густаво, Сіздің әңгімеңіз маған шабыт берді және наразылық құқығын қорғаудағы батылдықтың үлгісі болды)

Брайль шрифтімен жазылған хат немесе қолдау білдіру кез келген басқа белгілерін Чилидегі Amnesty International бөлімшесіне жіберіңіз:

Diego Martínez

Director de Crecimiento

Amnistía Internacional Chile

Av. Rojas Magallanes 1869, departamento 104

La Florida, Santiago, Chile

Густаво үшін электрондық хаттарды мында жіберіңіз
justiciaparagustavo@amnistia.cl

Әлеуметтік желілерде мына хэштегтерді пайдаланыңыз:
#InvestiguenMandos #ChileDespertó

- **#ChileDespertó y el mundo fue testigo. Por #GustavoGatica y cientos más, ahora es el momento de que @FiscaliadeChile investigue a los mandos responsables. #InvestiguenMandos // Чили оянды, осыны бүкіл әлем көрді. @FiscaliadeChile Полиция басшылығы әрекеттерін тергеу кезі келді. #ChileDespertó**
- @FiscaliadeChile, полиция басшылығы #GustavoGatica мен басқа да жүздеген адамдардың көзінен жарақат алғанына кінәлі. #InvestiguenMandos
- @FiscaliadeChile investiguen a los mandos de @Carabdechile porque queremos un Chile con justicia y sin impunidad. #InvestiguenMandos

КҮШ ҚОЛДАНУ ЖӘНЕ АДАМ ҚҰҚЫҚТАРЫ

Полиция қызметкерлеріне қарапайым азаматтың қолынан келмейтін әрекеттерді жасауға рұқсат беріледі - мысалы, ұстау кезінде күш қолдану, адамдарды түрме камерасына отырғызу, қару ұстау. Полицияға азаматтарды қорғау және қоғамдық тәртіпті сақтау бойынша өз міндеттерін орындауға мүмкіндік беру үшін осындай қосымша өкілеттіктер берілді.

Алайда, билік жауапкершілікті де білдіреді: полицияға басқаларға күш қолдануға рұқсат етіледі, бірақ олар әрдайым заңға сәйкес және адам құқықтарын сақтай отырып істеуі керек.

- Күш қолдану қажетті болуы тиіс, заңды мақсаттарға жету үшін ең төменгі керекті шамадан аспауы тиіс.
- Күш қауіп деңгейіне сәйкес болуы керек (мысалы, көшені рұқсат етілмеген жерден кесіп өткені үшін адамға оқ атуға болмайды).
- Егер полицияның күш қолдануы жарақат алуға немесе өлімге әкеліп соқса, жедел, жан-жақты, тәуелсіз және бейтарапты тергеу жүргізілуі тиіс.
- Полиция қызметкерлері өз өкілеттіктерін асыра пайдаланған жағдайда тиісті заңға сәйкес жауапкершілікке тартылуы тиіс.
- Құқық қорғау органдары қызметкерлердің жұмыс кезінде қандай жағдай болуы мүмкін, оны қалай шешуге болатыны туралы, оның ішінде күш қолдану дұрыстығы туралы шешім қабылдау бойынша нақты нұсқаулық әзірлеуі керек.

НАРАЗЫЛЫҚ КЕЗІНДЕ ПОЛИЦИЯНЫҢ ЖҰМЫСЫ

Үкіметтер әркімнің өзінің бейбіт жиналу бостандығына ие болу құқығын, соның ішінде наразылық арқылы жүзеге асыруын қамтамасыз етуге міндетті.

Наразылық кезінде полицияның жүріс-тұрысына қатысты нақты халықаралық ережелер бар:



Полицияның қызметі - бейбіт наразылықты жеңілдету. Егер шиеленіс пайда болса, онда полиция оны сөндіруге міндетті.

- Егер кейбір наразылық білдірушілер зорлық-зомбылық жасаса, бұл жалпы бейбіт наразылық акциясын бейбіт емес жиналысқа айналдырмайды. Полиция бейбіт қатысушыларға наразылықты жалғастыру мүмкіндігін қамтамасыз ету тиіс.
- Саны аз топ жасаған зорлық-зомбылығы бәріне бей-берекет күштің қолдануын ақтай алмайды.
- Егер күш қолдану басқалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін қажет болса, полиция ең аз шамада күш қолдануы керек.
- Наразылық шарасын тарату шешімі тек соңғы шектеу ретінде қабылдануы керек – яғни, одан жұмсақ шаралардың бәрі нәтижесіз болған кезде.
- Наразылық шарасын тарату үшін көзден жас ағызатын газды немесе су бүріккіштерін адамдар кете алатын жағдайда ғана қолдану керек. Оларды жаппай зорлық-зомбылықты тоқтату үшін немесе осы мақсатта басқа шаралар нәтижесіз болған жағдайда ғана пайдалануға болады.
- Адамдарды тарату үшін оқ қаруын қолдануға БОЛМАЙДЫ.



2019 жылы Чилиде резеңке оқтан алған жарақаттан екі көзі соқыр болғаннан кейін Густавоға Сантьяго қаласында жүруге маман көмектесуде.

@ Эдгард Гарридо



ГУСТАВО ГАТИКА, ЧИЛИ

2019 ж. Чилиде бағаның өсуіне және теңсіздікке қарсы наразылықтар басталған кезде Густаво Гатика Сантьяго астанасында психологияны зерттеп жүрген. Миллиондаған адамдардай, ол да көшеге шықты. Демонстрациялар бірнеше аптаға созылып, бүкіл әлемнің назарын өзіне аударды. Бұл нағыз халық күшінің көрінісі болып, жігер берді. Алайда, билік басқаша көзқараста болды.

Қараша айында болған бір наразылық акциясында полиция резеңке және темір оқтармен мылтықтарды оқтап, жиналған халыққа атты. Басқа наразылықтардан еш айырмашылығы жоқ болған, онда да жүздеген адамдар жарақат алып, күн сайын ондаған адамдар көзінен жарақат алған. Полиция бастықтары оны тоқтатпады, тіпті зорлық-зомбылықтың жалғасуына жол берді.

Густаво сол қараша айында халық арасында болды. Екі көзіне оқ тиіп, көру қабілетінен мүлдем айырылды. Осы шабуыл бүкіл әлемге әйгілі болды.

Атқаннан кейін полицияның басында өткізген ішкі тексерісі ешкімнің жауапқа тартылмайтынын көрсетті, тіпті демонстранттардың өздері Густавоны жарақаттады деген болжам жасалды. Бірақ, қоғамда тергеу нәтижелеріне наразылық пайда болғаннан кейін тергеу қайта ашылып, әлі жұрып жатыр. Қазір Ұлттық прокуратура тергеу жүргізіп жатыр. Алайда Густавоға шабуыл жасағандар жазасыз қалуда.

Демонстрациялар жалғасып жатқанда, наразылық білдірушілер көздерін танып, полицияда Густавоның есімін айта берді. Олар әділеттілікті, шындықты және өтемақы талап етеді. Біз де соны талап етеміз.

«Адамдарды ояту үшін көзімді бердім».
Густаво Гатика



AMNESTY INTERNATIONAL ТУРАЛЫ

Amnesty International көпшілік таныған адам құқықтары жалпыға қол жетерлік дүниені қолдайтын 7 миллионнан астам адамдарды біріктірген ғаламдық қозғалыс.

Біз кез келген жерде болған адам құқықтары бұзушылықтарын зерттеп, осы туралы фактілерді жариялаймыз. Біз үкіметтер мен басқа да ықпалды топтарды, мысалы, ірі компанияларды өз уәделерінде тұруға және халықаралық құқықты сақтауға шақырамыз. Көмектескен адамдарымыздың өмірлері айтқанда, біз әртүрлі елдердегі миллиондаған жақтастарымызды қауіп төнген белсенділерді қорғауға жігерлендіреміз. Оқыту және жетілдіру бағдарламаларының көмегімен адамдарға өз құқықтарын қорғауға көмектесеміз.

Біздің жұмысымыз адамдарды қорғап, көмек береді, мысалы, өлім жазасын жоюдан жыныстық репродуктивті құқықтарды алға бастыруға, кемсітумен күресуден босқындар мен мигранттарды қорғауға дейін. Біз азаптауға жол беретіндерді жауапқа тартуға, репрессивті заңдарды өзгертуге көмектесеміз... Және өз пікірін білдіргені үшін ғана түрмеге түскен адамдарды қорғаймыз. Біз еркіндігі мен қадір-қасиетіне қол сұғылған әр адамды қорғаймыз.

AMNESTY INTERNATIONAL
INTERNATIONAL SECRETARIAT

www.amnesty.org

Peter Benenson House
1 Easton Street
London WC1X 0DW
United Kingdom

e: contactus@amnesty.org
t: +44-20-74135500
f: +44-20-79561157

December 2020
Index: POL 32/2887/2020 Kazakh

All images © Amnesty International unless otherwise stated.
Cover photograph: © Private
Script development: © David Hunter

AMNESTY
INTERNATIONAL

